

## Мемлекеттік жалға берілетін үйде коммуналдық тұрғын үй қорындағы тұрғын үйді пайдаланғаны үшін төлемакы мөлшерін белгілеу туралы

### ***Күшін жойған***

Қостанай облысы Денисов ауданы әкімдігінің 2014 жылғы 23 шілдедегі № 183 қаулысы. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 28 тамызда № 5053 болып тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы Денисов ауданы әкімдігінің 2020 жылғы 13 қазандағы № 196 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Қостанай облысы Денисов ауданы әкімдігінің 13.10.2020 № 196 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 16 сәуірдегі "Тұрғын үй қатынастары туралы" Заңының 97 бабы 1 тармағына сәйкес Денисов ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. Некрасовка ауылы, Школьная көшесі, № 10 үй мекенжайында орналасқан мемлекеттік жалға берілетін үйде коммуналдық тұрғын үй қорындағы тұрғын үйді пайдаланғаны үшін жалпы алаңының бір шаршы метріне айна 43,98 теңге (қырық үш теңге тоқсан сегіз тиын) ақы төлеу мөлшері белгіленсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Денисов ауданы әкімінің орынбасары Е.Н. Поделоға жүктелсін.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

Е. Жаманов

КЕЛІСІЛДІ:

"Денисов ауданының тұрғын  
үй-коммуналдық шаруашылығы,  
жолаушылар көлігі және  
автомобиль жолдары бөлімі"

ММ басшысы

И. Важничая

"Денисов ауданы әкімдігінің  
экономика және қаржы бөлімі"

ММ басшысы

С. Рахметова

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және  
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК